

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Балғабаева Гүлнар Зкрияқызы
Затобол мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мұғалімі
Қостанай ауданы Затобол кенті

Аннотация

Мақалада Қазақстанда білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өзектілігі туралы қарастырылады. Ұлы педагог, көрнекті ағартушы-демократ, жазушы, балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсариннің Қазақстанда оқу - ағарту ісінің дамуында алатын орны ерекше. Ы. Алтынсариннің ағартушылық тұрғыда жазған еңбектері қазіргі кездегі болып жатқан өзгерістерге байланысты ерекше маңызға ие болуда. Ұлы педагог - ағартушының идеялары білім беру жүйесімен үндесіп, мәңгілік мұра болып қала береді.

Аннотация

В статье рассматривается актуальность педагогических идей Ы. Алтынсарина в свете обновления содержания образования в Казахстане. Великий педагог, видный просветитель-демократ, писатель, основатель детской казахской литературы И. Алтынсарин, труды, которого занимают особое место в Казахстане. В современной системе образования происходят серьезные изменения и мы можем с уверенностью сказать, что просветительские мысли и идеи И. Алтынсарина актуальны и сегодня. Программа обновленного образования - это наследие просветительской деятельности великого педагога.

Abstract

Great teacher, writer, founder of child's Kazakh literature I. Altinsarin, labours, that is occupied the special place in Kazakhstan. In system of education there are serious changes and we can with say that elucidative ideas and ideas and. I. Altinsarin is actual today. Program renewed education this heritage of elucidative activity of great teacher.

Түйінді сөздер: рухани жанғыру, отансүйгіштік, тәрбие, білім беру, педагогикалық идеялар.

Ключевые слова: духовное развитие, патриотизм, воспитание, образование, педагогические идеи.

Keywords: spiritual development, patriotism, upbringing, education, pedagogical ideas.

Ұлы педагог, ағартушы-демократ, жазушы, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің Қазақстанда оқу - ағарту ісінің дамуында алатын орны ерекше. Оның ағартушылық тұрғыда жазған еңбектері қазіргі кездегі болып жатқан өзгерістерге байланысты ерекше маңызға ие болуда. Республикамыз егемендікке жетіп ұлттық бағыттағы тәрбие беру бетбұрысы басталғаннан бері Ы. Алтынсарин сияқты ұлы ғұламалардың шығармаларының өзектілігі арта түсті. Ағартушының жерлесіміздің өнегелі өмірі мен өрісі, биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңды да еді. Өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән – маңызы мен қадір-қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай, үркердей санаулы саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер – білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді. Қазіргі таңда Ыбырайдың осы арманы орындалғанына көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңіне куәгер болудамыз.

Жан – жақты талант иесі Ыбырай Алтынсариннің есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп,

оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік тәрбиесі туралы ой – пікірлерінің қазіргі кезде де өзінің құндылығын жоймағанын байқаймыз. Оқыту және тәрбиелеу үрдісінде өзіндік орны бар. Мәселен, Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» атты халыққа үндеуінде «Туған жер» бағдарламасында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт- дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», [1,5 б.] деп айтылған. Ұлы жерлесіміз де осыны көздеген. Оның 1879 жылы басылған «Қазақ хрестоматиясын» алсақ, әрі мазмұны, әрі методика жағынан жастарға дұрыс тәрбие беруге лайықталынып құрылғандығын көреміз. Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін «қазақ хрестоматиясын» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбекқорлық, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын, елін құрметтеу, талаптылық, жинақтылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Оқыту процесінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштік, дербестікті қалыптастыру білігі педагогтық шеберліктің тағы бір элементін құрайды. Ы.Алтынсариннің мектебінде оқушылар болашақта екіжүзді паракор болып шықпасын деп, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлінді. Бұл мәселе бүгінгі күннің де мектептерінің алдында тұрған мақсат. «Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектепте ғана», - деді Ы.Алтынсарин. [2,56 б.] Бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің де алға қойған қағидасының бірі баланы мәжбүрлі емес, білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзыретті тұлғаға айналдыру. Ыбырай балаларға сабақты өте қызықты түсінікті етіп беруге тырысты. Нәтижесінде молдадан сабақ алған балалар бір жылда эзер хат таныса, Ыбырай оқытқан балалар небәрі үш айда оқи алатын, орысша, татарша жаза білетін болды. [3,138б.] Заманауи Қазақстанда білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту барысында ұстаздар аталған қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіруге тырысады. «Орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал» графикасына негізделіп жасалған ең алғашқы оқулық. 1879 жылы Орынбор қаласында шыққан. Бұл орыс тілі грамматикасы қысқаша курсын қамтитын оқу құралы. Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін және қазіргі талап тұрғысында терең негізгі лингвистикалық-әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасы үйлестіре оқыту мәселесі де алғаш рет Алтынсарин заманында қолға алынған. Шет тілінде дұрыс жазуға үйрету, тіл ұстарту мәселелері көтеріледі. Алтынсариннің оқу құралы тіл үйренудің лингвистикалық негізгі тілдің лексикалық жүйесіне негізделуі керек деген қортындыға әкелді. «Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі- әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс»- деді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі- мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады. Ы.Алтынсариннің тағы бір көңіл аударатын идеясы – ол мұғалімдер туралы. «Халық мектептері үшін керектісі оқытушы. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушы дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», - деп жоғары балаған. Бүгін де ұстаздарға орасан зор талап қойылады

да еңбектеріне қарай олардың жұмысы бағаланады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Ұстаздар күніне арнаған құттықтау хатында ол келесі сөздерді жолдады: «Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де – ұстаз. Сондықтан еліміздің ертеңгі келешегі сіздердің қолдарыңызда». Елбасымыздың келесі бір айтқанын жадымда әрқашан сақтап жүрмін: «Мұғалімдердің жағдайын ойлау - елдің ертеңін ойлау деген сөз. Көңілі көтеріңкі, арманы асқақ адамға ғана бала тәрбиесін сеніп тапсыруға болады. Сонда ғана рухы жоғары ұрпақ тәрбиеленіп шығады». Бұл сөздер ұлы ағартушының «Мектептің жүрегі - ұстаз» деген идеясын осы заманда да өзектілігін жоғалтпағаның дәлелдейді ғой, деп санаймын.

Ыбырайдың өмірі мен ісіне көз жіберіп, оның жұмыс еткен жағдайын еске алсақ, ол іске кіріскенде, сонау Торғай, Қостанай, Орынбор қолтықтарындағы қазақ далаларында қараңғылықтың қаймағы бұзылмай, мұрты кетілмей жатқан болатын. Ыбырайдың жолына кесел келтіретін үлкен - үлкен бөгеттер болатын. Өзімен білімі тең, көзқарасы бір, өз қасында серігі жоқ, ең қараңғылықтың дәл ортасында жалғыз өзі болса да, Ыбырай бар бөгетке қарсы барып, күрес майданына шықты. Сүйгені де, сүйенері де халық болды. Сол халықтың келешегі үшін басын бәйгеге тігіп, желіні ұзаққа тартып, белсеніп іске кірісті. Кезіндегі жағдаймен санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі - мектеп ашу, бала оқыту - жалпы халықты ағарту жұмысы да, екіншісі - халықтың ой - санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құрал – мектеп».[4,68 б.] Ол кезде мектеп, оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу - ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға , білім алуға шақырса, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқу-өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Заманауи білім беру жүйесінде білім алушылар оқытудың объектісінен субъектісіне айналды. Мысалы, олар тек мұғалім берген дайын білімді алмай, өздері ізденіс танытып, түрлі ақпарат көзінен қосымша мағлұмат іздейді – бұл Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеяларының тағы да бір өзектілігі, деп ойлаймын.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Ыбырай Алтынсариннің ұлы, дара жолын әліде жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы - оқушы білімінің тереңдігі мен тиімділігін арттырады. Жаңаша оқытудың тиімді жақтары, ол оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады, сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды, оқушылар өзара пікір алмасуына мүмкіндік

туғызылады, мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынастар орнайды, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, түсіну сезімдерін арттыру, сауатты жазу, мәнерлеп оқу, мағыналы сөйлеу, өлең шығару, эссе жазу, тағы да басқа көптеген қасиеттерін дамытып қалыптастыруға болады.

Ұлы педагог - ағартушының идеялары білім беру жүйесімен үндесіп, мәңгілік мұра болып қалады, деп сенемін.

Әдебиеттер тізімі:

1.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Толығырақ: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

2.Әлемдік педагогикалық ой-сана, 10 том, “Таймас” баспа үйі, 2010ж.

3.Мұхамедхарым Жармұхамедов «Ыбырай Аалтынсарин тағлымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер), Алматы: «Жазушы», 1991

4.Хасанова С.Ы.Алтынсарин шығармаларының тілі . Алматы,«Білім»1972 .

ВНЕДРЕНИЕ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Балбаева Галия Сериковна
ГУ «Станционная СШ отдела
образования акимата Карабалыкского района»
с.Станционное

Аннотация

Бүгінгі таңда қоғамда елеулі өзгерістер болып жатыр. Осы өзгерістердің көрінісін білім мазмұнын жаңартудан көреміз. Қазақстандағы білім беру реформаларының басты мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Атап айтқанда, тұлғалардың дүниеде бейімделу қабілетін дамыту, өз іс-әрекеттері мен іс-қимылдар нәтижесін бағалау беру. Қойылған білім беру мақсаттарды қазіргі білім беру жағдайда бағалау жүйесіне тәсілдерін өзгеріссіз дамытуда қол жеткізу мүмкін емес.

Аннотация

Сегодня в современном обществе происходят значительные изменения. Проявление этих изменений мы видим в обновлении содержания образования. Главной целью реформ образования в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. А именно, развитие у выпускников способности успешно адаптироваться в современном мире, умения оценивать свои поступки и результат своих действий. Без изменения подходов к системе оценивания в нынешних условиях развития образования невозможно достичь поставленных образовательных целей.

Abstract

Today in modern society there are significant changes. The manifestation of these changes we see in updating the content of education. The main objective of the educational reforms in Kazakhstan is adaptation of educational system to new socio-economic environment. Namely, the development of graduates ' ability to adapt successfully in the modern world, the ability to evaluate their actions and the results of their actions. Without changing approaches to the evaluation system in the current conditions of education development is impossible to achieve training objectives.

Түйінді сөздер: бағалау, енгізу, салыстыру, критерийі, жетістік, мотивация, нәтижесі

Ключевые слова: оценивание, внедрение, сравнение, критерий, достижение, мотивация, результат

Keywords: evaluation introduction, comparison, criterion, achievement, motivation, result.

Главной целью реформ образования в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде, ускорение вхождения Республики в ряды 30 самых развитых стран мира. Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрение системы критериального оценивания.